

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 және 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1180 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 179 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) < * >

2) "Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1180 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 44, 480-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Полиграфия ұйымдары" деген бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы" ММ".

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі